

Марк Твен

# ХАКЛБЕРИ ФИНН

Роман

Балаларға арнап бейімдеген  
Жасарал Назерке

Астана-кітап  
Алматы, 2021

**ӘӨЖ 821.111 (73)-93**

**КБЖ 84 (7Coe)**

**М 23**

**Марк Твен**

**М 23 Хаклбери Финн:** Романның бейімделген нұсқасы. – Алматы: Астана-кітап, 2021. – 30 б.

**ISBN 978-601-7595-31-9**

Хаклбери Финн еркіндікті сүйетін, адал әрі батыл бала еді. Досы Том Сойермен бірге алтын тапқаннан кейін өмірі күрт өзгерді. Уотсон ханым оны бала қылып асырап алды. Бірнеше айлап жоқ болып кеткен әкесі Хаклберидің ақшасын алып кетуге келді. Бостандықта өмір сүргісі келген Хаклбери өзен арқылы қашып кетеді. Бұл бостандық, құл азаттығы мен нағыз достықты көрсететін сапар болмақ.

Хаклбери Финн әкесінен құтыла алды ма? Ақ нәсілді адамның құлды азат етуі дұрыс па?

Хаклбери Финн мен Том Сойерді қандай қызықты оқиғалар күтіп тұр екен?


**ӘӨЖ 821.111 (73)-93**

**КБЖ 84 (7Coe)**

**ISBN 978-601-7595-31-9**

**©Астана-кітап, 2021**

## АВТОР ТУРАЛЫ



Марк Твеннің шын аты жөні – Сэмюэл (Сэм) Лэнгхорн Клеменс. Марк Твен 1835 жылы дүниеге келгенде Жердің үстімен Галлея кометасы ұшып өткен екен. Ал екінші рет сол комета автор дүниеден озғанда ұшып өткен.

Марктың әкесі қазы болса да, отбасылық жағдайы мәз емес еді. Олар Миссисипи өзенінің бойындағы ауданға көшуге мәжбүр болады. Осы жерде өткен балалық шағы кейін жазушының әңгімелерінде көрініс табады. Сэм 12

жасқа толғанда, үйдің балалары ақша табу үшін жұмысқа шығу керек болады. Сэм мектепті тастап, ағасының баспаханасында жұмысқа тұрады. Бұл кезең автордың жазушылыққа деген алғашқы қадамы болды.

Сэмюэл Клеменс 18 жасқа толғанда әлемді аралап, саяхатын бастайды. Әр қаладағы үлкен кітапханаларда болып, мектепте ала алмаған білімін толықтырады.

Бір уақыттары Америка Құрама Штатына алтын мен күміс өндіруге келеді. Бірақ кен өндіру жұмысы аса табысты болмайды. Сэм сол жақта жүргенде өзінің қызықты әңгімелер жазатынын түсініп, алғашқы шығармашылық жолын бастайды.

“Том Сойердің басынан кешкен оқиғалары”, “Ханзада мен кедей” және т.б әңгімелері өзінің шынайлығымен ерекшеленді. 1880–жылдары өзінің баспасын ашып, “Хаклбери Финннің басынан кешкендері” атты роман жазады. Роман сол уақыттағы қоғамда болып жатқан мәселелерді көтереді.

# КЕЙПКЕРЛЕР



ХАКЛБЕРИ



ТОМ



ҮӨТСОН ХАНЫМ



ДЖИМ



ӘЖЕСІ



САМЛИ ТӘТЕ

# ХАКЛБЕРИ ФИНН



Балақай, мен саған бір қызық оқиға айтып берейін. Менің атым Хаклберри Финн. Том Сойер деген ең жақын досым бар. Томмен бірге қазына аралын тауып алып, бір мезетте байып шыға келдік. Бірақ бұл оқиғаны білмесең де ештеңе етпейді. Менің айтпақ әңгімем шытырман оқиғаларға толы саяхат жайында.

Досым Том Сойермен үңгірде жасырылған алтынды тапқан соң, оны өз арамызда бөліп алдық. Өз үлесімді Тэтчер қазыға аманаттадым. Мені жесір Уотсон ханым асырап алған. Уотсон ханым күнде дастарқан басында отыру, таза киіну мен дұрыс жүріп-тұруды үйрете бастады. «Есінеме, керілме, Хаклбери. Ұқыпты бол!» дей беруден жалықпайтын.

Үйдің шаруасын қара нәсілділер жасайтын. Менің жағдайыма қарайтын қара нәсілді құлдың аты Жим еді. Өзі алып денелі, аңқаулау көрінгенімен, жұмысына ұқыпты болатын.

Уотсон ханыммен бірге тұруға үйренсем де, қараңғы түсе сала терезеден ытқып шығамын. Таза ауада серуендеп, орманға барып отырамын. Өмірімде болып жатқан оқиғаларды ойлап отырып, әкем есіме түсіп кетті. Әкемді көрмегелі бір жыл болыпты. Оның қалада болмағаны маған жақсы. Көзіне көріне қалсам, төмпештеп ұрып, ұрсып шыға келеді. Менің қазір мектепке барып, жақсы оқып жүргенімді білсе, тіптен ашуланатын шығар.

